

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасы отырысының хаттамасымен,
«ҚазМұнайГаз-Аэро» ЖШС Жалғыз қатысушысының шешімімен
2021 жылғы «14» маусымда № 20
бекітілген

**«ҚазМұнайГаз-Аэро»
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІНІҢ
ЖАРҒЫСЫ**

Нұр-Сұлтан қ., 2021 жыл

1-БАП. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. «ҚазМұнайГаз-Аэро» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі – Серіктестік) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған заңды тұлға болып табылады және өз қызметін Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің, Қазақстан Республикасының «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Заңының (бұдан әрі – Заң), Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілерінің (бұдан әрі – Заңнама) және осы жарғының (бұдан әрі – Жарғы) негізінде және оған сәйкес жүзеге асырады.

2. Серіктестіктің Жалғыз қатысушысы болып Заңнамаға сәйкес құрылған және әрекет ететін «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Жалғыз қатысушы) болып табылады, ол келесі мекенжайда орналасқан: Қазақстан Республикасы, 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Дінмұхамед Қонаев көшесі, 8-ғимарат. Банк деректемелері: БСН 020240000555, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-тағы №К2356010111000002033 банктік шот, SWIFT/БСК HSBKKZKX; КБе 16, «теңге» ұлттық валютасында.

3. Серіктестік келесі фирмалық атаулардың кез келгенін қолданады:
мемлекеттік тілдегі толық атауы – «ҚазМұнайГаз-Аэро» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, қысқартылған атауы – «ҚазМұнайГаз-Аэро» ЖШС;
орыс тіліндегі толық атауы – Товарищество с ограниченной ответственностью «КазМунайГаз-Аэро», қысқартылған атауы – ТОО «КазМунайГаз-Аэро»;
ағылшын тіліндегі толық атауы – «KazMunayGas-Aero» Limited liability partnership, қысқартылған атауы – «KazMunayGas-Aero» LLP.

4. Серіктестіктің орналасқан жері мен мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Дінмұхамед Қонаев көшесі, 8-ғимарат.

5. Серіктестік қызметінің мерзімі шектелмеген.

2-БАП. СЕРІКТЕСТІКТІҢ ЗАҢДЫ МӘРТЕБЕСІ

6. Серіктестік мемлекеттік тіркелген кезден бастап заңды тұлға құқығына ие болады. Серіктестіктің мемлекеттік және орыс тілдерінде көрсетілген толық фирмалық атауы бар мөрі, дербес балансы, банктерде шоттары, өз атауы бар бланкілері, тауар белгісі болады. Серіктестік өз қызметінің мақсаттарына қол жеткізу үшін өз атынан мәмілелер жасауға, мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтар алуға, міндеттер атқаруға, сотта талап қоюшы және жауапкер болуға, сондай-ақ заңдарға қайшы келмейтін басқа да іс-әрекеттерді жүзеге асыруға құқылы.

7. Серіктестік басқа заңды тұлғалармен бірлестіктерге (одақтарға) кіруге, Заңдарда және Жарғыда көзделген тәртіппен өзге заңды тұлғалардың қатысушысы болуға, сондай-ақ өзінің тұрған жерінен тыс жерде филиалдар құруға және өкілдіктер ашуға құқылы.

8. Серіктестіктің филиалдары мен өкілдіктері белгіленген тәртіппен бекітілетін олар туралы ережелерге сәйкес жұмыс істейді және өз қызметінде Қазақстан Республикасының, тіркелген елдің Заңнамасын және Жарғыны басшылыққа алады.

9. Филиалдардың немесе өкілдіктердің қызметіне басшылықты белгіленген тәртіппен тағайындалатын адамдар жүзеге асырады. Филиалдар мен өкілдіктердің басшылары тиісті ережелер, сондай-ақ Серіктестік берген сенімхаттар негізінде әрекет

етеді.

10. Серіктестік Қазақстан Республикасының резидент – заңды тұлғаларын, сондай-ақ шетелдік заңды тұлғаларды Қазақстан Республикасының Заңнамасында, шетелдік заңды тұлғаларды тіркеген елдің Заңнамасында және Жарғыда көзделген тәртіппен құруға және олардың қызметіне қатысуға құқылы.

11. Серіктестіктің қаржылық және өндірістік қызметі шаруашылық дербестік негізінде жүзеге асырылады.

12. Серіктестіктің меншік құқығында оқшауланған мүлкі болады, өзіне тиесілі мүлік шегінде өз міндеттемелері бойынша жауапты болады және Заңдарда көзделген жағдайларды қоспағанда, Жалғыз қатысушының міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

13. Жалғыз қатысушы Серіктестік міндеттемелері бойынша жауап бермейді және өзі енгізген салым құны шегінде Серіктестік қызметіне байланысты шығындар тәуекелін көтереді. Серіктестік өз міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі барлық мүлікпен жауап береді. Мемлекет Серіктестіктің міндеттемелері бойынша жауап бермейді, сол сияқты Серіктестік мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

14. Серіктестік өзінің қаржы-шаруашылық қызметі нәтижелерінің бухгалтерлік есебін жүзеге асырады, Заңнамаға сәйкес статистикалық және қаржылық есептілік жасайды.

15. Серіктестік белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының аумағында және одан тысқары жерлерде орналасқан банктерде және басқа да қаржы ұйымдарында ұлттық валютада да, шетел валютасында да шоттар ашуға құқылы.

16. Серіктестіктің Заңнамаларда және Жарғыда тыйым салынбаған өзге де құқықтары мен өзге де міндеттері болуы мүмкін.

3-БАП. СЕРІКТЕСТІК ҚЫЗМЕТІНІҢ МАҚСАТЫ МЕН МӘНІ

17. Серіктестік қызметінің мақсаты дербес шаруашылық қызметті жүзеге асыру барысында таза кіріс алу болып табылады.

18. Серіктестік қызметінің мәні мыналар болып табылады:

1) әуе отынын қамтамасыз ету;

2) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара және Авиациялық қызметтерін, Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланын, азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органды, мемлекеттік материалдық резерв саласындағы уәкілетті органды мұнай өнімдерімен (бензин, дизель отыны, мазут, авиациялық отын (МЕМСТ 10227-86 «Реактивті қозғалтқыштарға арналған отын. Техникалық шарттар»), оларға көрсетілген мұнай өнімдерін сақтау және жеткізу жөніндегі қызметтерді, сондай-ақ көлік-экспедиторлық қызметтер көрсету болып табылады;

3) әуе отынын беру;

4) әуе кемелеріне май құю, сапаны бақылау, жабдық;

5) сәйкестікті растау, авиа отынды қабылдау;

6) әуе отынын есепке алу, сүзу және су бөлу;

7) әуе отынын сақтау;

8) Қазақстан Республикасының әуежайларында әуе отынын және ілеспе мұнай

өңдеу өнімдерін өткізуді, сондай-ақ отын құю кешендерін (ОҚК) пайдалануды жүзеге асыру жатады.

19. Лицензияның немесе Заңнамада белгіленген тәртіппен алынуы қажет рұқсаттың өзге де түрінің болуын талап ететін қызмет түрлері тиісті лицензияларды немесе рұқсаттардың өзге де түрін алғаннан кейін ғана жүзеге асырылады.

4-БАП. ЖАЛҒЫЗ ҚАТЫСУШЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

20. Жалғыз қатысушы құқылы:

1) заңда және Жарғыда көзделген тәртіппен Серіктестік істерін басқаруға қатысуға;

2) Серіктестіктің қызметі туралы ақпарат алуға және Жарғыда көзделген тәртіппен оның бухгалтерлік және өзге құжаттамасымен танысуға;

3) Заңға, Жарғыға және Жалғыз қатысушының шешімдеріне сәйкес Серіктестік қызметінен кіріс алуға;

4) Серіктестік таратылған жағдайда кредиторлармен есеп айырысқаннан кейін қалған мүліктің бір бөлігінің құнын немесе Жалғыз қатысушының шешімі бойынша осы мүліктің бір бөлігін заттай алуға;

5) заңда көзделген тәртіппен өз үлесінің бір бөлігін иеліктен шығаруға не өз үлесін иеліктен шығару арқылы Серіктестікке қатысуды тоқтатуға;

6) Серіктестік органдарының заңда және (немесе) Жарғыда көзделген құқықтарын бұзатын шешімдеріне сот тәртібімен даулауға.

7) аудиторлық ұйымның Серіктестіктің қаржылық есептілігіне өз есебінен аудит жүргізуін талап етуге құқығы бар.

Жалғыз қатысушының заңда және Жарғыда көзделген басқа да құқықтары болуы мүмкін.

21. Жалғыз қатысушы міндетті:

1) Жарғының талаптарын сақтауға;

2) Серіктестіктің Жарғылық капиталына Жарғыда көзделген тәртіппен, мөлшерде және мерзімде салымдар салуға;

3) Серіктестік коммерциялық құпия деп жариялаған мәліметтерді жария етпеуге;

4) Жарғының 2-тармағында көрсетілген Серіктестіктің Жалғыз қатысушысына қатысты мәліметтердің өзгергені туралы Бас директорға жазбаша хабарлауға міндетті.

Жалғыз қатысушы Жарғыда, заңда және Қазақстан Республикасының өзге де Заңнамалық актілерінде көзделген басқа да міндеттерді атқара алады.

5-БАП. ЖАЛҒЫЗ ҚАТЫСУШЫҒА ЖӘНЕ СЕРІКТЕСТІКТЕГІ ҮЛЕСТЕРДІ САТЫП АЛУШЫЛАРҒА СЕРІКТЕСТІКТІҢ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ БЕРУ ТӘРТІБІ МЕН МЕРЗІМДЕРІ

22. Серіктестік өз қызметі туралы ақпаратты корпоративтік веб-сайтта (www.kmgaero.kz) жариялайды.

23. Жалғыз қатысушының және үлестерді сатып алушылардың талап етуі бойынша Серіктестік оларға Жарғыда айқындалған тәртіппен құжаттардың көшірмелерін ұсынуға міндетті.

24. Серіктестіктің Жалғыз қатысушысының мүдделерін қозғайтын қызметі

туралы ақпарат беру Заңнамаға және Жарғыға сәйкес жүзеге асырылады.

Жалғыз қатысушының мүдделерін қозғайтын ақпарат болып танылады:

1) Серіктестіктің Жалғыз қатысушысы, Байқау кеңесі, Тексеру комиссиясы (Тексерушісі) қабылдаған шешімдер және қабылданған шешімдердің орындалуы туралы ақпарат;

2) Серіктестіктің қарыз және қаржылық көмек беруі және алуы;

3) Серіктестіктің қызметтің қандай да бір түрлерін жүзеге асыруға және (немесе) белгілі бір әрекеттерді жасауға лицензиялар алуы, олардың әрекеттерін тоқтата тұруы немесе тоқтатуы, сондай-ақ Серіктестіктің қызметтің қандай да бір түрлерін жүзеге асыруға және (немесе) белгілі бір әрекеттерді жасауға бұрын алған лицензияларынан айыруы;

4) Серіктестік мүлкінің барлығына немесе бір бөлігіне тыйым салынуы немесе кепілге салынуы;

5) баланстық құны Серіктестік активтерінің жалпы мөлшерінің он немесе одан да көп пайызын құрайтын Серіктестіктің мүлкі соның нәтижесінде жойылған немесе жойылуы мүмкін төтенше сипаттағы жағдаяттарының туындауы;

6) Серіктестіктің лауазымды адамдарын Серіктестіктің қызметіне қатысты теріс қылықтар үшін әкімшілік жауапкершілікке тарту;

7) Серіктестікті мәжбүрлеп қайта ұйымдастыру туралы шешім шығару;

8) аудиторлық есеп (болған жағдайда);

9) сотта корпоративтік дау бойынша іс қозғау туралы ақпарат;

10) Заңнамаға және Жалғыз қатысушының шешіміне сәйкес Жалғыз қатысушының мүдделерін қозғайтын өзге де ақпарат.

25. Серіктестік Жалғыз қатысушының мүдделерін қозғайтын Серіктестіктің қызметі туралы ақпаратты ол туындаған күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде Жалғыз қатысушының назарына жеткізуге міндетті.

26. Сотта корпоративтік дау бойынша іс қозғалғаны туралы ақпарат Жалғыз қатысушыға Серіктестік соттың тиісті хабарламасын немесе корпоративтік дау бойынша азаматтық іс бойынша шақыруды алған күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күнінен кешіктірілмей берілуге тиіс.

27. Жалғыз қатысушының өзіне өзге ақпаратты немесе Жарғының осы бабында көрсетілген құжаттардың көшірмелерін беру туралы сұрау салуы бойынша Серіктестік, егер сұрау салуда өзге мерзімдер белгіленбесе, сұрау салуды алған күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күннен кешіктірмей оларды белгіленген тәртіппен өтініш берушіге ұсынуға міндетті.

28. Жалғыз қатысушыға мәлім болған «Құпия», «Қызмет бабында пайдалану үшін» деген белгісі бар Серіктестіктің қызметі туралы ақпарат, Заңнамада көзделген жағдайларда, өз құзыретіндегі мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарын қоспағанда, үшінші тұлғаларға жазбаша немесе өзге нысанда берілмейді.

29. Жарғылық капиталдағы қатысу үлестерін сатып алушыларға Серіктестіктің қызметі туралы ақпарат беру, ақпаратты беру тәртібі мен көлемі осындай үлестерді сатып алу туралы алдын ала шарт шеңберінде тараптардың келісімі бойынша, тараптар арасында белгіленген тәртіппен құпия ақпаратты жарияламау туралы келісімге қол қойылғаннан кейін белгіленеді.

30. Серіктестіктің қызметіне қатысты және заңда көрсетілген құжаттарды Серіктестік оның қызметінің бүкіл мерзімі ішінде Серіктестіктің атқарушы органы

орналасқан жерде сақтауға тиіс.

Өзге құжаттар Заңнамаға және Серіктестіктің ішкі құжаттарына сәйкес белгіленген мерзім ішінде сақталады.

31. Серіктестік өзінің үлестес тұлғаларының есебін осы тұлғалар ұсынатын мәліметтер негізінде жүргізеді.

Серіктестіктің үлестес тұлғалары болып табылатын жеке және заңды тұлғалар үлестену туындаған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде өзінің үлестес тұлғалары туралы мәліметтерді Серіктестікке ұсынуға міндетті. Үлестенуі тоқтатылған жеке және заңды тұлғалар бұл туралы Серіктестікті үлестенуі тоқтатылған сәттен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде хабардар етеді.

6-БАП. СЕРІКТЕСТІКТІҢ ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛЫ ЖӘНЕ МҮЛКІ

32. Серіктестіктің Жарғылық капиталы **150 000 (жүз елу мың) теңгені** құрайды.

33. Ақша, бағалы қағаздар, заттар, мүліктік құқықтар, оның ішінде жер қойнауын пайдалану құқығы, жер пайдалану құқығы және зияткерлік қызмет нәтижелеріне құқық және өзге де мүлік Серіктестіктің Жарғылық капиталына салым бола алады.

Салымды жеке мүліктік емес құқықтар және өзге де материалдық емес игіліктер түрінде енгізуге жол берілмейді.

34. Серіктестік мүлкі Жарғылық капиталға салымдар, қосымша жарналар, шаруашылық және кәсіпкерлік қызметтен түскен кірістер есебінен, сондай-ақ қарыз қаражаты, Серіктестік Заңнамада тыйым салынбаған тәртіппен сатып алған немесе алған басқа да мүлік есебінен құралады.

35. Жалғыз қатысушының шешімі бойынша Серіктестіктің Жарғылық капиталының мөлшері өзгертілуі мүмкін.

36. Серіктестіктің Жарғылық капиталын өзгерту (ұлғайту немесе азайту) заңда көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

37. Серіктестіктің Жарғылық капиталын ұлғайту мынадай жолдармен жүзеге асырылуы мүмкін:

- 1) Жалғыз қатысушы жүргізетін қосымша салымдар арқылы;
- 2) Серіктестіктің меншікті капиталы есебінен, оның ішінде оның резервтік капиталы есебінен;
- 3) Серіктестік құрамына жаңа қатысушылар қабылданған жағдайларда.

Серіктестіктің Жарғылық капиталын Заңдарда белгіленген ең төменгі мөлшерден азайтуға жол берілмейді.

38. Серіктестіктің мүлкі оның балансында есепке алынады.

39. Серіктестік қаржылық қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін Заңдарда және Жарғыда белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасында, сондай-ақ шетел банктерінде немесе басқа да қаржы ұйымдарында ұлттық және (немесе) шетел валютасында қарыздар түрінде қаржыландыру тартуға құқылы.

40. Серіктестік Серіктестіктің шығындары мен шығындарын жабу үшін қажетті

резервтік капитал және (немесе) өзге де қорлар құра алады. Резервтік капиталға және (немесе) қорларға жыл сайынғы аударымдардың мөлшері Жалғыз қатысушының шешімімен айқындалады.

7-БАП. СЕРІКТЕСТІК ОРГАНДАРЫ

41. Серіктестік органдары болып табылады:

- 1) жоғары орган – Жалғыз қатысушы;
- 2) бақылау-байқау органы – Байқау кеңесі;
- 3) жеке-дара атқарушы орган – Бас директор;
- 4) бақылаушы орган – Тексеру комиссиясы (Тексеруші) *(қажет болған жағдайда Жалғыз қатысушының шешімімен құрылады).*

Серіктестіктің лауазымды тұлғалары Байқау кеңесінің мүшелері және Бас директор болып табылады.

8 БАП. ЖАЛҒЫЗ ҚАТЫСУШЫ

42. Жалғыз қатысушы Серіктестіктің қызметін жеке өзі басқарады, Заңнамамен және Жарғымен оның құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешеді. Жалғыз қатысушының шешімдері жазбаша ресімделеді.

43. Жалғыз қатысушының шешім қабылдауы үшін мәселелерді дайындауды Бас директор жүзеге асырады.

Жалғыз қатысушының қарауына мәселелерді шығаруға Серіктестіктің Бас директоры немесе Байқау кеңесі бастамашылық жасайды.

Тарату процесінде Жалғыз қатысушының қарауына мәселелерді шығаруға Серіктестіктің тарату комиссиясы да бастамашы бола алады.

Жалғыз қатысушының қарауына мәселелерді шығару жөніндегі шығыстарды Заңнамада белгіленген жағдайларды қоспағанда, Серіктестік көтереді.

Жалғыз қатысушының қарауына шығарылатын мәселелер бойынша материалдарда осы мәселелер бойынша негізделген шешімдер қабылдау үшін қажетті көлемде ақпарат болуға тиіс.

44. Жалғыз қатысушының айрықша құзыретіне мыналар жатады:

1) Жарғылық капиталының мөлшерін, орналасқан жері мен фирмалық атауын өзгертуді қоса алғанда, Жарғыға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу немесе Жарғыны жаңа редакцияда бекіту;

2) Серіктестіктің корпоративтік басқару кодексін бекіту, сондай-ақ оған өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу;

3) Бас директорды сайлау және оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, Бас директордың өкілеттік мерзімін айқындау, лауазымдық жалақы мөлшерін, еңбекақы төлеу, сыйлықақы беру және Бас директордың әлеуметтік қолдау шарттарын айқындау;

4) Серіктестікті (Серіктестіктің Жарғылық капиталындағы қатысу үлесін) немесе оның мүлкін сенімгерлік басқаруға беру туралы шешім және осындай беру шарттарын айқындау;

5) Байқау кеңесінің мүшелерін, оның ішінде төрағаны сайлау және өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, Байқау кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, Байқау кеңесі туралы ережені бекіту;

6) Тексеру комиссиясының (Тексерушінің) мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, Тексеру комиссиясының (Тексерушінің) сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, Тексеру комиссиясы (Тексеруші) туралы ережені бекіту, сондай-ақ Серіктестіктің Тексеру комиссиясының (Тексерушісінің) есептері мен қорытындыларын бекіту;

7) қаржылық есептілікті бекіту, Серіктестіктің тоқсан, жартыжылдық немесе жыл ішіндегі өз қызметінің нәтижелері бойынша алынған таза табысын бөлу, сондай-ақ өткен кезеңдер үшін бөлінбеген таза табысын бөлу;

8) егер Заңға сәйкес аудит жүргізу міндетті болып табылған жағдайда Серіктестіктің жылдық қаржылық есептілігіне аудит жүргізу үшін аудиторлық ұйымды айқындау;

9) Жалғыз қатысушы бекіткен тізбе бойынша Серіктестіктің ішкі қызметін реттейтін ішкі қағидаларды, оларды қабылдау рәсімдерін және басқа да құжаттарды бекіту, оларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу, сондай-ақ олардың күші жойылды деп тану;

10) Серіктестіктің өзге шаруашылық серіктестіктерге, коммерциялық емес ұйымдарға қатысуы туралы, сондай-ақ заңды тұлғаларды құру (заңды тұлғаларды құруға қатысу туралы), басқа заңды тұлғалардың акцияларын (Жарғылық капиталға қатысу үлестерін) сатып алу және (немесе) иеліктен шығару туралы шешім қабылдау;

11) Серіктестікті қайта ұйымдастыру немесе тарату туралы шешім шығару;

12) тарату комиссиясын тағайындау және тарату баланстарын бекіту;

13) Серіктестіктің барлық мүлкін кепілге салу туралы шешім шығару;

14) Заңға сәйкес Серіктестік мүлкіне қосымша жарналар енгізу туралы шешім шығару;

15) Жалғыз қатысушыға және үлестерді сатып алушыларға Серіктестіктің қызметі туралы ақпарат беру тәртібі мен мерзімдерін бекіту;

16) нәтижесінде Серіктестік құны Серіктестік активтері баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу бір және одан көп пайызын құрайтын мүлікті иеліктен шығаратын (иеліктен шығарылуы мүмкін) мәмілені немесе жиынтығында бір-бірімен өзара байланысты мәмілелер жасасуды мақұлдау туралы шешім қабылдау;

Бұл ретте, Серіктестіктің нәтижесінде құны тиісті кезеңде макроэкономикалық көрсеткіштердің болжамында айқындалған бағам бойынша теңгемен **110 000 000 (бір жүз он миллион) АҚШ долларына** баламалы шектен асатын мүлікті сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) мәмілені немесе өзара байланысты мәмілелер жиынтығын жасасуы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесімен келісу бойынша жүзеге асырылады;

17) Қазақстан Республикасының аумағында және одан тыс жерлерде филиалдар құру және өкілдіктер ашу туралы шешім, сондай-ақ филиалдар мен өкілдіктерді тарату және жабу туралы шешім қабылдау;

18) **20 000 000 000 (жиырма миллиард) теңгеден** асатын сомаға Серіктестіктің қаржылық міндеттемелерін (қарыздар, қаржылық көмек, қаржылық кепілдіктер және кредит беруші Жалғыз қатысушы және/немесе оның еншілес ұйымы болып табылатын жағдайларды қоспағанда, Серіктестіктің қаржылық борышын ұлғайтатын кез келген басқа да міндеттемелер) ұлғайту туралы шешім;

19) Серіктестіктің салық, есеп, инвестициялық, өндірістік-шаруашылық, ғылыми-техникалық саясатын бекіту;

20) Заңнамада және (немесе) Жарғыда көзделген өзге де мәселелер, сондай-ақ «Самұрық-Қазына» АҚ және (немесе) Жалғыз қатысушысы бекіткен (қабылдаған) құжаттармен (шешімдермен) Жалғыз қатысушының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелер.

45. Жалғыз қатысушы Жарғыда оның құзыреті қалай айқындалғанына қарамастан, Серіктестіктің қызметіне байланысты кез келген мәселені қарауға қабылдауға құқылы.

46. Жалғыз қатысушы Серіктестіктің өзге органдарының Серіктестіктің ішкі қызметіне қатысты мәселелер жөніндегі кез келген шешімінің күшін жоюға құқылы.

47. Жалғыз қатысушының Серіктестік қызметіне қатысты кез келген мәселелер бойынша шешімдері жалпыға бірдей міндетті болып табылады және мүлтіксіз орындалуға жатады.

48. Жалғыз қатысушының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді ол Серіктестіктің өзге органдарының қарауына бере алмайды.

9-БАП. БАЙҚАУ КЕҢЕСІ

49. Байқау кеңесі Бас директордың қызметін бақылауды жүзеге асыратын орган болып табылады және өз қызметін Заңнамаға, Жарғыға, сондай-ақ Серіктестіктің ішкі құжаттарына сәйкес ұйымдастырады.

Байқау кеңесі Жалғыз қатысушының алдында жауапты болады.

Байқау кеңесі Бас директордың қызметін тұрақты бақылауға, Серіктестіктің жұмыс істеуінің Заңнамаға және Жарғыға сәйкес жүзеге асырылуын қадағалауға міндетті.

Байқау кеңесі Бас директордың қызметіне бақылауды тиісінше жүзеге асырмауы салдарынан Серіктестікке және үшінші тұлғаларға келтірілген залалдар үшін Байқау кеңесінің мүшелері Заңнамаға сәйкес жауапты болады.

50. Бас директордың қызметіне бақылауды жүзеге асыру мақсатында байқау кеңесі өз бастамасы бойынша Жалғыз қатысушының және Байқау кеңесінің шешімдерінің орындалуы туралы есептерді, сондай-ақ Серіктестік қызметінің мәселелері бойынша кез келген өзге де құжаттаманы немесе ақпаратты сұратуға құқылы.

Байқау кеңесі Жалғыз қатысушының сұрау салуы бойынша оның қарауына Серіктестіктің қызметін тұтастай бағалауды және оның қызметін жақсарту жөніндегі ұсыныстарды қамтитын есепті ұсынуға міндетті.

51. Серіктестіктің Байқау кеңесі кемінде үш мүше болып 5 (бес) жылдан аспайтын мерзімге сайланады. Байқау кеңесінің мүшесі бір мезгілде Бас директор лауазымын атқара алмайды.

Серіктестіктің Байқау кеңесінің құрамына сайланған адамдар шектеусіз рет қайта сайлана алады.

Байқау кеңесінің мүшесі Байқау кеңесіне бұл туралы жазбаша өтініш бере отырып, кез келген уақытта өз міндеттерін одан әрі орындаудан бас тарта алады.

Байқау кеңесі мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда, Байқау кеңесінің жаңа мүшесін сайлау Жалғыз қатысушының шешімімен жүзеге асырылады, бұл ретте Байқау кеңесінің жаңадан сайланған мүшесінің өкілеттігі тұтастай алғанда Байқау кеңесінің өкілеттік мерзімінің өтуімен бір мезгілде аяқталады.

52. Байқау кеңесін төраға басқарады, оны Байқау кеңесі мүшелерінің арасынан Жалғыз қатысушы тағайындайды.

Байқау кеңесі қарайтын мәселелер бойынша шешімдер Байқау кеңесі мүшелерінің көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыс беру кезінде Байқау кеңесінің әрбір мүшесі бір дауысқа ие болады. Дауыстар тең болған жағдайда, Жарғының 53-тармағына сәйкес Байқау кеңесінің төрағасы немесе оның функцияларын атқаратын адам дауыс берген шешім қабылданады.

Егер Серіктестіктің Байқау кеңесі отырысқа Серіктестіктің Байқау кеңесі мүшелерінің жалпы санының кемінде жартысы қатысса, оның шешім қабылдауға құқығы бар.

Байқау кеңесі төрағасының қалауы бойынша Байқау кеңесінің оның қарауына шығарылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдауы сырттай дауыс беру арқылы мүмкін болады.

Жарғының 55-тармағының 2), 11) тармақшаларында айқындалған мәселелер бойынша сырттай дауыс беру арқылы шешімдер қабылдауға болмайды.

Байқау кеңесі мүшелерінің сырттай дауыс беруі Байқау кеңесінің хатшысы жасаған шешім жобасына Байқау кеңесі мүшелерінің қолдарын жинау арқылы жүргізіледі.

Байқау кеңесінің сырттай отырысының шешімі Байқау кеңесі мүшелерінің осы шешімді қабылдау үшін жеткілікті мөлшерде қолдары болған кезде жарамды деп танылады.

53. Серіктестіктің Байқау кеңесінің төрағасы болмаған жағдайда, оның функцияларын төрағаның нұсқауы бойынша немесе Байқау кеңесінің шешіміне сәйкес байқау кеңесі мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

54. Тексеру комиссиясы (Тексеруші) болмаған жағдайда Байқау кеңесі Тексеру комиссиясының (Тексерушінің) барлық құқықтарына ие болады.

55. Байқау кеңесінің құзыретіне келесі мәселелерді шешу жатады:

1) Серіктестіктің қаржылық есептілігін алдын ала бекіту, Жалғыз қатысушыға оның тоқсан, жарты жыл немесе бір жыл ішіндегі қызметінің нәтижелері бойынша алынған таза кірісті бөлу тәртібі туралы, сондай-ақ өткен кезеңдер үшін бөлінбеген пайданы бөлу жөнінде ұсыныстар беру;

2) Серіктестіктің бюджетін және бизнес-жоспарын бекіту, оларға түзетулер енгізу және оның орындалуына мониторинг жүргізу;

3) Серіктестік жұмыскерлерінің (оның филиалдарын және (немесе) өкілдіктерін қоса алғанда) және Серіктестіктің ұйымдық құрылымын бекіту;

4) лауазымдық айлық ақылар мен тарифтік мөлшерлемелер схемасын, Серіктестік жұмыскерлеріне еңбекақы төлеу және әлеуметтік қолдау қағидаларын бекіту;

5) ақшаны басқару саясатын бекіту;

6) Серіктестік қызметінің басым бағыттарын айқындау, Серіктестікті дамыту стратегиясын (жоспарын) бекіту, сондай-ақ Серіктестікті дамыту стратегиясын (жоспарын) іске асыру мониторингін жүзеге асыру;

7) филиалдар және (немесе) өкілдіктер туралы Ережелерді бекіту;

8) Серіктестіктің бюджеті мен бизнес-жоспарын қалыптастыру, бекіту, түзету және мониторингтеу тәртібін бекіту;

9) Байқау кеңесінің хатшысын тағайындау, өкілеттік мерзімін айқындау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ лауазымдық жалақысының мөлшерін

(Байқау кеңесі хатшысының функциялары Серіктестіктің қызметкеріне жүктелген жағдайда, қосымша ақының мөлшерін), Байқау кеңесі хатшысының еңбегіне ақы төлеу, сыйлықақы беру және әлеуметтік қолдау шарттарын айқындау, оның қызметін бағалау;

10) Байқау кеңесі бекітетін тізбе бойынша Серіктестіктің ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (Жалғыз қатысушы және Бас директор бекітетін құжаттарды қоспағанда) бекіту, оларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу, сондай-ақ Байқау кеңесі бекіткен құжаттардың күші жойылды деп тану;

11) **500 000 000 (бес жүз миллион) теңгеден 20 000 000 000 (жиырма миллиард) теңгеге дейінгі** қоса алғандағы сомаға Серіктестіктің қаржылық міндеттемелерін (қарыздар, қаржылық көмек, қаржылық кепілдіктер және кредитор Жалғыз қатысушы және/немесе оның еншілес ұйымы болып табылатын жағдайларды қоспағанда, Серіктестіктің қаржылық борышын ұлғайтатын кез келген басқа да міндеттемелер) ұлғайту туралы шешім;

12) акциялары (Жарғылық капиталға қатысу үлестері) меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен Серіктестікке тиесілі заңды тұлғалар акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жататын қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдайды;

13) Серіктестіктің ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен Серіктестік қызметінің түйінді көрсеткіштерінің корпоративтік және уәждемелік (функционалдық) карталарын және олардың нысаналы мәндерін, Серіктестік қызметінің түйінді көрсеткіштерінің корпоративтік және уәждемелік (функционалдық) карталарының қорытынды нәтижелілігін бекіту;

14) Байқау кеңесінің жұмыс жоспарын бекіту;

15) келесі есептерді бекіту:

а) Серіктестіктің қаржы-шаруашылық қызметінің қорытындылары туралы, Серіктестік бюджетінің атқарылуы туралы жылдық есеп;

б) еншілес, тәуелді және бірлесіп бақыланатын ұйымдардың қаржы-шаруашылық қызметі нәтижелерінің Серіктестік қызметінің көрсеткіштеріне әсері туралы жартыжылдық және жылдық есептер.

16) тәуекелдерді басқару саласындағы стратегияны айқындау, саясаттарды және негіз қалаушы нормативтік құжаттарды, ішкі бақылау жүйесін, қызметтің үздіксіздігін басқару жүйесін бекіту, тәуекелдерді басқару жүйесі мен ішкі бақылау жүйесінің сақталуын қамтамасыз ету және тиімділігін бағалау;

17) басқа ұйымдардағы Бас директордың қоса атқаратын жұмысын келісу;

18) Серіктестіктің негізгі лауазымдарының тізбесін бекіту, қызметін бағалауды Байқаушы кеңес жүзеге асыратын тағайындауды, лауазымнан босатуды, ауыстыруды келісу;

19) Серіктестіктің филиалдары мен өкілдіктерінің басшыларын тағайындау және қызметтен босату;

20) егер Заңға сәйкес аудит жүргізу міндетті болып табылмаған жағдайда Серіктестіктің қаржылық есептілігіне аудит жүргізу үшін аудиторлық ұйымды айқындау;

21) Байқау кеңесіне қаржылық және басқарушылық есептілікті, сондай-ақ Серіктестіктің қаржылық және өзге де көрсеткіштеріне талдау мен бағалау жүргізу мүмкіндігін қамтамасыз ететін Серіктестіктің қызметі туралы басқа да ақпаратты ұсыну тәртібін, нысандары мен мерзімдерін айқындау;

22) «Самұрық-Қазына» АҚ саясатын ескере отырып, Серіктестіктің демеушілік (қайырымдылық) көмек көрсетуі туралы шешім;

23) Серіктестіктің корпоративтік басқару кодексінің қағидалары мен ережелерін сақтау/сақтамау туралы есепті бекіту;

24) Серіктестіктің тәуекелдер тіркелімі мен картасын және сындарлы тәуекелдерді, жалпы тәуекел-тәбетті басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарын, Серіктестіктің әрбір негізгі тәуекеліне қатысты толеранттылық деңгейлерін бекіту және қабылданатын тәуекелдер деңгейін шектеу үшін лимиттер белгілеу;

25) тәуекелдерді басқару жүйесінің және ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі жөніндегі есептерді қарау;

26) ішкі бақылауды жақсарту және тәуекелдерді басқару жөніндегі сыртқы аудиторлардың қорытындыларын және «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Ішкі аудит қызметі жүргізген тексерулердің нәтижелерін талдау;

27) қызметтік жеңіл автомобильдердің тиістілік нормативтерін және Серіктестіктің әкімшілік аппаратын орналастыру үшін алаң нормаларын айқындау;

28) жұмыскерлерге ұялы байланысты пайдалану құқығын берген кезде Серіктестіктің қаражаты есебінен өтелетін шығыстардың лимиттерін, өкілдік шығыстардың лимиттерін айқындау;

29) корпоративтік қақтығыстарды реттеуге және өз құзыреті шеңберінде мүдделер қақтығыстарын реттеуге мониторинг жүргізу және қатысу;

30) Серіктестіктің қаржы-шаруашылық қызметін тексеру бойынша Тексеру комиссиясының (Тексерушінің) қорытындысын және жыл қорытындысы бойынша қаржылық есептілікті алдын ала қарау;

31) Тексеру комиссиясының (Тексерушінің) Серіктестіктің қаржы-шаруашылық қызметі жөніндегі аралық есептерін бір жыл ішінде бекіту;

32) Заңнамада және (немесе) Жарғыда көзделген, Жалғыз қатысушының ерекше құзыретіне жатпайтын өзге де мәселелер, оның ішінде Жалғыз қатысушы, байқау кеңесі және (немесе) «Самұрық-Қазына» АҚ бекіткен (қабылдаған) құжаттармен (шешімдермен) Байқау кеңесінің құзыретіне жатқызылған мәселелер.

10-БАП. БАС ДИРЕКТОР

56. Серіктестіктің жеке-дара атқарушы органы Бас директор болып табылады, ол Жалғыз қатысушыға және Байқау кеңесіне есеп береді және Жалғыз қатысушы мен Байқау кеңесі шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады.

Бас директормен еңбек шартына Бақылау кеңесінің төрағасы немесе өзге де уәкілетті Жалғыз қатысушы қол қояды. Жалғыз қатысушы Бас директорды тағайындаған кезде онымен еңбек қатынастары Қазақстан Республикасының еңбек Заңнамасына сәйкес реттеледі. Байқау кеңесінің төрағасы жұмыс берушінің Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде көзделген құқықтарын жүзеге асырады және міндеттерін орындайды. Еңбекке ақы төлеу тәртібі мен шарттары, тәртіптік жауаптылыққа тарту, Бас директорды жұмыстан шеттету Заңнамаға, Жалғыз қатысушы бекітетін құжаттарға және еңбек шартына сәйкес жүзеге асырылады.

57. Бас директордың функциялары, құқықтары мен міндеттері Жарғымен және Заңнамамен, сондай-ақ Серіктестікпен жасалатын еңбек шартымен айқындалады.

58. Бас директор Жалғыз қатысушының талап етуі бойынша оның Серіктестікке

Заңнамаға сәйкес келтірген залалдарын өтеу туралы жауаптылыққа тартылуы мүмкін.

59. Бас директор Серіктестіктің қызметіне ағымдағы басшылықты жүзеге асырады және Серіктестік қызметінің Заңнамада және Жарғыда Серіктестіктің басқа органдарының құзыретіне жатқызылмаған кез келген мәселелері бойынша шешімдер қабылдауға құқылы, оның ішінде:

1) Байқау кеңесіне Серіктестіктің қаржылық есептілігін алдын ала бекіту үшін дайындауды және ұсынуды жүзеге асырады, Байқау кеңесіне Серіктестіктің тоқсан, жарты жыл немесе жыл ішіндегі қызметінің нәтижелері бойынша алынған таза табысын бөлу тәртібі туралы, сондай-ақ өткен кезеңдер үшін бөлінбеген таза табысты бөлу жөнінде ұсыныстар енгізеді;

2) Жалғыз қатысушыға Серіктестіктің филиалдарын құру және жабу, өкілдіктерін ашу және жабу туралы ұсыныстар енгізеді;

3) филиалдар мен өкілдіктердің, еншілес және тәуелді ұйымдардың, сондай-ақ бірлесіп бақыланатын ұйымдардың жұмысын үйлестіреді;

4) Серіктестік (оның филиалдарын және (немесе) өкілдіктерін қоса алғанда) жұмыскерлерінің жалпы саны, әкімшілік-басқару персоналының ұйымдық құрылымы, лауазымдық айлықақылар мен тарифтік мөлшерлемелер схемасы, Серіктестік жұмыскерлеріне еңбекақы төлеу қағидалары жөнінде ұсыныстарды әзірлейді және Серіктестіктің Байқау кеңесінің қарауына ұсынады;

5) Серіктестіктің өндірістік персоналының санын, штат кестесін және орналастырылуын (фактілерін), сондай-ақ әкімшілік-басқару персоналының штат кестесін бекітеді;

6) Жалғыз қатысушы, Байқау кеңесі бекітетін құжаттарға жатпайтын Серіктестіктің ішкі қызметін реттейтін құжаттарды бекітеді;

7) Серіктестік қызметінің басым бағыттары, Серіктестікті дамыту стратегиясы (жоспары) бойынша ұсыныстарды әзірлейді, мақұлдайды және Байқау кеңесіне ұсынады;

8) Серіктестікті дамыту стратегиясын (жоспарын) іске асыруды жүзеге асырады, олардың орындалуына жауапты болады, сондай-ақ жыл сайын «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ ішкі құжаттарында белгіленген мерзімдерде Байқау кеңесіне Серіктестікті дамыту стратегиясының (жоспарының) орындалуы туралы есеп береді;

9) Серіктестікте бухгалтерлік есепті ұйымдастырады;

10) есеп саясаты мен салықтық есеп саясатын және Серіктестіктің өзге де саясаттарын әзірлеуді және уәкілетті органға бекітуге ұсынуды қамтамасыз етеді;

11) Байқау кеңесі бекітетін саясат пен ішкі құжаттарды қоспағанда, тәуекелдерді басқару жөніндегі ішкі құжаттарды бекітеді;

12) тәуекел дәрежесінің сақталуына және тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және Серіктестіктегі қызметтің үздіксіздігі жүйелерінің тиімді жұмыс істеуіне жауапты болады;

13) Байқау кеңесті уақтылы хабардар етеді және Серіктестіктің негізгі тәуекелдерінің жағдайы туралы, сондай-ақ ішкі бақылау жүйесінің жұмыс істеу тиімділігі және қызметтің үздіксіздігі туралы есептілікті ұсынады;

14) Жалғыз қатысушы, Байқау кеңесі шешімдерінің, Серіктестіктің, құрылымдық бөлімшенің не Серіктестіктің тәуекелдерін басқаруды ішкі бақылауға жауап беретін тұлғаның жылдық қаржылық есептілігіне аудитті жүзеге асыратын аудиторлық ұйымның ұсынымдарының орындалуына мониторингті жүзеге асырады;

15) стратегиялық (бизнес) бастамалар тізбесін, сондай-ақ Серіктестік бюджетін

қоса алғанда, Серіктестіктің бизнес-жоспарының жобасын әзірлейді, мақұлдайды және Серіктестіктің Байқау кеңесіне ұсынады;

16) Байқау кеңесіне мынадай есептерді ұсынады:

а) Серіктестіктің қаржы-шаруашылық қызметінің қорытындылары туралы, Серіктестік бюджетінің атқарылуы туралы жылдық есеп;

б) еншілес, тәуелді және бірлесіп бақыланатын ұйымдардың қаржы-шаруашылық қызметі нәтижелерінің Серіктестік қызметінің көрсеткіштеріне әсері туралы еншілес және тәуелді ұйымдардың аудиттелген есептілігін ұсынғаннан кейін бір ай ішінде жартыжылдық және жылдық есептер.

17) Жалғыз қатысушыға, Байқау кеңесінің мүшелеріне белгіленген тәртіппен Серіктестіктің қызметі туралы ақпарат береді;

18) Серіктестік қызметінің Заңнамаға сәйкестігін қамтамасыз етеді;

19) Жалғыз қатысушы және (немесе) Байқау кеңесі осы Жарғыда көзделген тәртіппен мақұлдаған (келіскен) жағдайда Серіктестіктің мәмілелер жасасуы туралы шешімдер қабылдайды.

Бұл ретте, Серіктестіктің қорытындысында құны тиісті кезеңде макроэкономикалық көрсеткіштердің болжамында айқындалған бағам бойынша теңгемен **110 000 000 (жүз он миллион) АҚШ долларына** баламалы шектен асатын мүлікті сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) мәмілені немесе өзара байланысты мәмілелер жиынтығын жасасуы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесімен келісу бойынша жүзеге асырылады;

20) **500 000 000 (бес жүз миллион) теңгеге** дейінгі сомаға Серіктестіктің қаржылық міндеттемелерін (қарыздар, қаржылық көмек, қаржылық кепілдіктер және кредит беруші Жалғыз қатысушы және/немесе оның еншілес ұйымы болып табылатын жағдайларды қоспағанда, Серіктестіктің қаржылық борышын арттыратын кез келген басқа да міндеттемелер) ұлғайту туралы шешім қабылдайды;

21) «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-тың және «Самұрық-Қазына» АҚ-тың тиісті құжаттарында белгіленген осындай жобаларды іске асыруға қойылатын талаптарды сақтағаннан кейін Серіктестіктің инвестициялық жобаларды іске асыруы туралы шешімдер қабылдайды.

22) Серіктестік жұмыскерлерін даярлау және олардың біліктілігін арттыру бағдарламаларын бекітеді;

23) қызметтік іссапарларға жіберілетін Серіктестік жұмыскерлерінің шығыстар нормативтерін айқындайды;

24) Бас директордың бастамасы бойынша Жалғыз қатысушының және (немесе) Байқау кеңесінің қарауына шығарылатын мәселелерді мақұлдайды;

25) Серіктестіктің қаржылық есептілігіне аудит жүргізу үшін Заңға және (немесе) осы Жарғыға сәйкес айқындалған аудиторлық ұйымның қызметтеріне ақы төлеу мөлшерін белгілеу жатады;

26) Серіктестік акционердің (қатысушының) құқықтарын жүзеге асырған кезде құрылымдық бөлімшелердің өзара іс-қимыл тәртібін айқындайды;

27) өз құзыреті шеңберінде мүдделер қақтығысы мен корпоративтік жанжалдардың мониторингін жүзеге асырады және оларды реттеуге қатысады;

28) Серіктестік қызметкерлерін оқытудың және олардың біліктілігін арттырудың жылдық күнтізбелік жоспарын бекітеді;

29) Серіктестік қызметкерлерін оқытуға қатысты мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды;

- 30) Жалғыз қатысушы мен Байқау кеңесінің қарауы үшін олардың құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдау құжаттарын дайындайды;
- 31) Серіктестіктің мүдделерін білдіреді;
- 32) осы Жарғыда көзделген шарттарды, кепілдіктерге қол қоюды қоса алғанда, Серіктестіктің үшінші тұлғалармен қатынастарында оларды жасасу, келісу, мақұлдау және (немесе) беру тәртібі сақталған жағдайда, оның атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
- 33) Серіктестіктің атынан өкілдік ету құқығына сенімхаттар береді;
- 34) Қазақстан Республикасының еңбек Заңнамасына сәйкес Серіктестік жұмыскерлерін тағайындау туралы, оларды ауыстыру туралы, Серіктестік жұмыскерлерімен еңбек шарттарын тоқтату/бұзу туралы бұйрықтар шығарады, өз құзыреті шегінде еңбекке ақы төлеу жүйесін айқындайды, лауазымдық айлықақылар мен дербес үстемеақылар мөлшерін белгілейді, сыйлықақы беру мәселелерін шешеді, көтермелеу шараларын қолданады және тәртіптік жазалар қолданады;
- 35) өз құзыреті шегінде Серіктестіктің барлық қызметкерлері орындауға міндетті бұйрықтар шығарады, өкімдер береді, нұсқаулар береді;
- 36) Серіктестік атынан Серіктестік қызметкерлерімен еңбек шарттарын жасасады және бұзады/тоқтатады;
- 37) Серіктестіктің банктік және басқа да шоттарын ашады, Серіктестіктің төлем құжаттарына қол қояды;
- 38) Жалғыз қатысушының, Байқау кеңесінің шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;
- 39) Серіктестіктің ішкі қызметінің өндірістік мәселелері бойынша шешім қабылдайды;
- 40) құрылымдық бөлімшелер туралы ережелерді, лауазымдық және өзге де нұсқаулықтарды қоса алғанда, Жалғыз қатысушы, Байқау кеңесі бекітетін құжаттарға жатпайтын Серіктестіктің ішкі қызметін реттейтін құжаттарды бекітеді;
- 41) Серіктестіктің ағымдағы және перспективалық жоспарлары мен бағдарламаларының орындалуын қамтамасыз етеді;
- 42) Жалғыз қатысушы мен Байқау кеңесінің алдында Серіктестіктің қызметі үшін жауапты болады;
- 43) Серіктестіктің басшы және басқарушы қызметкерлерінің міндеттерін, сондай-ақ өкілеттік саласын және жауапкершілігін бөледі;
- 44) өзі болмаған жағдайда өз міндеттерін орындауды бұйрық негізінде Серіктестік жұмыскерлерінің біріне жүктейді;
- 45) Серіктестіктің кадр және әлеуметтік саясатын іске асырады, оның ішінде еңбек тәртіптемесінің қағидаларын бекітеді;
- 46) Серіктестіктің қаржылық, инвестициялық, өндірістік-шаруашылық, ғылыми-техникалық және өзге де саясаттарын іске асыруды қоса алғанда, Серіктестіктің операциялық қызметі жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;
- 47) бизнес-жоспардың, бюджеттің орындалуына және Серіктестіктің қаржы ресурстарының мақсатты пайдаланылуына жауапты болады;
- 48) Байқау кеңесін Серіктестік қызметіндегі барлық маңызды оқиғалар туралы хабардар етеді;
- 49) Заңнамада және (немесе) Жарғыда көзделген, Жалғыз қатысушының және (немесе) Байқау кеңесінің ерекше құзыретіне жатпайтын өзге де мәселелер, оның ішінде Жалғыз қатысушы, Байқау кеңесі және (немесе) «Самұрық-Қазына» АҚ бекіткен (қабылдаған) құжаттармен (шешімдермен) Бас директордың құзыретіне

жатқызылған мәселелер.

60. Бас директордың шешімі бойынша Серіктестіктің қызметкерлеріне Жарғының осы бабының 59-тармағында көрсетілген Бас директордың өкілеттіктерінің барлығы немесе қандай да бірі уақытша болмаған уақытта (демалыс, іссапар және т.б.) міндеттерді орындауды жүктеу арқылы белгіленген тәртіппен берілуі мүмкін.

61. Бас директорға тыйым салынады:

1) Жалғыз қатысушының келісімінсіз Серіктестікпен одан мүліктік пайда алуға бағытталған мәмілелер (сыйға тарту, қарыз алу, өтеусіз пайдалану, сатып алу-сату шарттарын және т. б. қоса алғанда) жасасуға;

2) Серіктестіктің үшінші тұлғалармен жасаған мәмілелері үшін Серіктестіктің өзінен де, үшінші тұлғалардан да комиссиялық сыйақы алуға;

3) үшінші тұлғалардың Серіктестікпен қарым-қатынастарында олардың атынан немесе мүдделері үшін әрекет жасауға;

4) Серіктестік қызметімен бәсекелесетін кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға;

5) Байқау кеңесінің келісімінсіз басқа ұйымдарда, оның ішінде басқа заңды тұлғаның атқарушы органының басшысы және (немесе) мүшесі не атқарушы органының функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын тұлға лауазымында жұмыс істеуге.

Осы тармақтың 1) - 3) тармақшаларында көзделген шектеулер Бас директордың жұбайына, барлық тікелей төмендейтін және шығатын туыстарына, сондай-ақ туған аға-інілері мен апа-сіңлілеріне де қолданылады.

Серіктестіктің Жалғыз қатысушысы Бас директордың Серіктестікке оның немесе оның осы тармақта көрсетілген туыстарының осы тармақта көзделген тыйым салуларды бұзуы не тиісінше осы тармақтың 1)-3) тармақшаларымен келтірілген залалды Серіктестікке өтеуін сотта талап етуге құқылы.

62. Бас директор Байқау кеңесінің төрағасымен шетелдік іссапарларды келіседі.

11-БАП. ТЕКСЕРУ КОМИССИЯСЫ (ТЕКСЕРУШІ)

63. Қажет болған кезде Серіктестіктің қаржы-шаруашылық қызметіне, сондай-ақ оның істерінің ағымдағы жағдайына бақылауды жүзеге асыру үшін Жалғыз қатысушы Жалғыз қатысушы айқындаған, бірақ 3 (үш) жылдан аспайтын мерзімге Тексеру комиссиясын (Тексерушіні) тағайындауы мүмкін.

64. Тексеру комиссиясының мүшелері (Тексеруші) бір мезгілде Бас директор лауазымын атқара алмайды.

65. Тексеру комиссиясы (Тексеруші) кез келген уақытта Серіктестіктің қаржы-шаруашылық қызметіне тексеру жүргізуге құқылы және осы мақсат үшін Серіктестіктің барлық құжаттамасына сөзсіз қол жеткізу құқығына ие болады. Тексеру комиссиясының (Тексерушінің) талап етуі бойынша Бас директор ауызша немесе жазбаша нысанда қажетті түсіндірмелер беруге міндетті.

66. Тексеру комиссиясы (Тексеруші) Серіктестіктің қаржылық есептілігін оны Жалғыз қатысушы бекіткенге дейін міндетті түрде тексереді. Жалғыз қатысушының қаржылық есептілікті Тексеру комиссиясының (Тексерушінің) қорытындысынсыз не белгіленген тәртіппен тартылатын аудитордың қорытындысынсыз бекітуге құқығы жоқ.

67. Тексеру комиссиясының (Тексерушінің) жұмыс тәртібі Жарғыда, сондай-ақ

Серіктестіктің ішкі қызметін реттейтін өзге де құжаттарда айқындалады.

68. Серіктестіктің қаржы-шаруашылық қызметін бақылауды, ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару саласындағы бағалауды, Корпоративтік басқару саласындағы құжаттардың орындалуын бақылауды Серіктестіктің қызметін жетілдіру мақсатында «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ орталықтандырылған ішкі аудит қызметі де жүзеге асыра алады.

12-БАП. СЕРІКТЕСТІКТІҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІ ЖӘНЕ АУДИТІ

69. Серіктестіктің қаржы жылы күнтізбелік жыл болып табылады (1 қаңтардан 31 желтоқсанға дейін). Серіктестіктің бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілігін жасау тәртібі Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы Заңнамасында белгіленеді.

70. Серіктестіктің қаржылық есептілігінің дұрыстығын, сондай-ақ оның істерінің ағымдағы жағдайын тексеру және растау үшін Серіктестік Серіктестікпен, Бас директормен, Байқаушы кеңеспен немесе Жалғыз қатысушымен мүліктік мүдделермен байланысы жоқ аудиторлық ұйымды (сыртқы аудит) тартуға құқылы.

71. Жалғыз қатысушы өз есебінен Серіктестіктің қаржылық есептілігіне аудит жүргізуді талап етуге құқылы.

72. Егер Бас директор аудит міндетті болған кезде не оны жүргізуді Жалғыз қатысушы талап еткен кезде Серіктестіктің қаржылық есептілігіне аудит жүргізуден жалтарса, аудит кез келген мүдделі тұлғаның не Жалғыз қатысушының өтініші бойынша қабылданған сот шешімімен тағайындалуы мүмкін.

73. Серіктестік есепке алу мен есептілікті жүргізу тәртібі мен дұрыстығын сақтау үшін Заңнамаға сәйкес жауапты болады.

13-БАП. СЕРІКТЕСТІКТІҢ ТАЗА ТАБЫСЫН БӨЛУ

74. Серіктестіктің табысы оның тоқсан, жартыжылдық немесе жыл ішіндегі қызметінің нәтижелері бойынша қаржылық есептілік негізінде айқындалады.

75. Серіктестіктің тоқсан, жартыжылдық немесе жыл ішіндегі өз қызметінің нәтижелері бойынша алған таза табысы Жалғыз қатысушының тиісті тоқсан, жартыжылдық немесе жыл ішіндегі Серіктестік қызметінің нәтижелерін бекіту туралы шешіміне сәйкес бөлінеді.

76. Жалғыз қатысушы таза табысты немесе оның бір бөлігін Жалғыз қатысушыға бөлуден алып тастау туралы шешім қабылдауға құқылы.

77. Төлемді Серіктестік Жалғыз қатысушы таза табысты бөлу туралы шешім қабылдаған күннен бастап бір ай ішінде ақшалай нысанда жүргізуге тиіс.

78. Серіктестіктің Жалғыз қатысушыға Серіктестіктің барлық Жарғылық капиталы толық төленгенге дейін табысты бөлуге құқығы жоқ.

14-БАП. СЕРІКТЕСТІКТІ ҚАЙТА ҚҰРУ, ТАРАТУ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТІН ТОҚТАТУ

79. Серіктестікті қайта ұйымдастыру, тарату және оның қызметін тоқтату

Заңдарда көзделген тәртіп пен негіздер бойынша жүзеге асырылады.

15-БАП. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

80. Егер Жарғының ережелерінің бірі жарамсыз болса, онда бұл қалған ережелерді қозғамайды. Жарамсыз ереже мағынасы жағынан жақын және құқықтық жағынан жол берілетін ережемен ауыстырылады.

81. Жарғымен реттелмеген барлық мәселелер Заңнамамен реттеледі.

«ҚазМұнайГаз-Аэро» ЖШС
бас директоры



Н. Нурланов